Кинжибаева Фариза Багитовнаның 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау.

Зерттеу мақсаты: студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдау және әдістемелік жүйесін жасау, оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

- студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
- «студенттерді математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау» және «мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлық» ұғымдарының мәні мен құрылымын ашу және нақтылау;
- студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;
- студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың әдістемелік жүйесін әзірлеу және оны тәжірибелік тексеруден өткізу, ғылыми дәйектелген ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеу әдістері: *теориялық* (психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық тәжірибелерді талдау, жалпылау, салыстыру, жіктелім жасау, ұғымдарды нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу), *эмпирикалық* (сауалнама жүргізу, бақылау, әңгімелесу, ғылыми тәжірибе), *статистикалық* (математикалық және нәтижелердің ститистикалық өңделуі, мониторинг, талдау).

Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар (жаңа білім болып табылатын ғылыми айғақталған болжамдар және басқа тұжырымдар):

1. Зерттеуге әдіснамалық тәсілдерді таңдау және үйлестіру негізінде мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға студенттерді даярлау мүмкіндігінің психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік негіздемесі.
2. «Студенттерді математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау» және «мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға даярлық» ұғымдарының нақтыланған мәні.

3. Студенттерді тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тәжірибеден өткізілген мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі; бұл модель елдің педагогикалық жоғары оқу орындары үшін ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

4. Студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінің негізі болып табылатын әдістемелік жүйенің енгізу әдіс, тәсіл, құрал, формаларын қолдана отырып: «0 сыныпта оқытудың теориясы және әдістемесі (Әліппе, Қоршаған орта, Математикалық сауаттылық, Музыкалық сауаттылық)» элективті курсы, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» студенттеріне арналған «Методика реализации преемственности в математическом образовании» (предшкольная подготовка – начальные классы) оқу-әдістемелік құралы, «Преемственность дошкольного и начального математического образования» (предшкольная подготовка – начальные классы) жаттығулар жинағы арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен маңыздылығының дәйектемесі:

Зерттеу жұмысының барысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен тұжырымның жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші нәтиже – жаңа. Студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданды.

Екінші нәтиже – жаңа. Философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында «студенттерді математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау» және «мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға даярлық» түсініктерінің мәнін нақтылаған.

Үшінші нәтиже – жаңа. Зерттеу барысында теориялық тұрғыда студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.

4-нәтиже – жаңа. Алғаш рет студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың әдістемелік жүйесі әзірленген: «0 сыныпта оқытудың теориясы және әдістемесі» (Әліппе, Қоршаған орта, Математикалық сауаттылық, Музыкалық сауаттылық) элективті курсы, «Методика реализации преемственности в математическом образовании» (предшкольная подготовка – начальные классы) оқу-әдістемелік құралы, «Преемственность дошкольного и начального математического образования» (предшкольная подготовка – начальные классы) жаттығулар жинағы және зерттеу нәтижелері алынған.

Ғылымның даму бағыттары немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі:

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығының қажеттілігі туралы мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Білімді ұлт – сапалы білім беру» ұлттық жобасында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көтерілген болатын. ҚР мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының мазмұны бірнеше міндеттерді шешуге бағдарланған, олардың бірі – бірыңғай тәсілдер мен ұғымдарды қолдана отырып сабақтастықты қамтамасыз ету, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін бірдей бастапқы мүмкіндіктер тудыру.

Мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға дайын, сұранысқа ие, жоғары білікті маман даярлау біздің зерттеуіміз үшін аса маңызды болып табылады. Оның мақсаты – педагогтерді өздерінің жеке педагогикалық қызметін атқаруға үйретіп қана қоймай, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын жүзеге асыруда шынайы кәсіби болмыста өз білімін жетілдіруге, өз бетімен жұмыс жасауға ұмтылысын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мамандардың қалыптасуы біртұтас әрі біртіндеп жүзеге асырылады. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын жүзеге асыру бойынша теориялық және практикалық мәселелердің шешімін іздестіру ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 13 басылымда жарияланды.

Оның ішінде 2-уі – Scopus дерекқорына енетін жарияланымдар қатарында:

1.Evaluation of teachers' views on the use of learning technologies in mathematics lessons in preschool and primary schools. World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 13, Issue 4, (2021) p.707-720. Co-authored by: Syzdykbayeva A., Akpayeva A., Ageyeva L, Mynzhassarova M., Baykulova A). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 75%;

2. Training of future teachers for the implementation of continuity of pre-school and primary mathematical education. Cakrawala Pendidikan, 2022, 41(2), p.531-540. (Co-authored by: Akpayeva A., Yergalieva G., Mynzhassarova M.). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%);

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған тізбеге енген басылымдарда 4 мақала жарияланды:

3. Проблемы преемственности в содержании дошкольного и начального математического образования. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Ғылыми-әдістемелік журнал, «Педагогика және психология»

сериясы, Алматы, желтоқсан 2018 жыл, 108-115 б. (Қосалқы автор: Акпаева А.Б.) Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%;

4. Formation of teacher's readiness to realize The continuity of preschool and primary education. In the conditions of updated education content. ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабарлары, «Әлеуметтік және гуманитарлық» сериясы. ISSN 2224-5294, 2(324), наурыз-сәуір 2019 жыл, 208-213 б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%;

5. Анализ подготовки студентов к реализации преемственности дошкольного и начального математического образования. Хабаршы, «Білім беру, Педагогикалық ғылымдар бөлімі» саласы, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., №3 (83) 2020, 167-177 б. (Қосалқы автор: Акпаева А.Б.) Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%;

6. Педагогические подходы к реализации преемственности дошкольного и начального образования. Хабаршы, «Педагогика» сериясы, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., №3, 2020, 87-95 б. (Қосалқы авторлар: Землянская Е.Н., Акпаева А.Б.). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

Шетелдік және отандық халықаралық конференциялардың материалдарында 3 мақала жарияланымға шықты:

7. Система работы учителя по адаптации первоклассников к школе. Тұрақты даму: қоғам, экология, экономика: XV халықаралық ғылыми конференция материалдары; 4 бөлімнен шығарылған. / А.В. Семенова, Н.Г. Малышева редакциясымен – М.: басылым. Жеке меншік жоғарыбілім беру мекемесі «С.Ю. Витте атындағы Мәскеу университеті», 2019. – 677 б. (Қосалқы авторлар: Ищанова Г.Е., Утеулиева А.К.). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 90%;

8. К вопросу о готовности будущего педагога к обеспечению преемственности дошкольного и начального школьного образования. Wissenschaftliche Ergebnisse und Errungenschaften: 2020: der Sammlung wissenschaftlicher Arbeiten «ΛΌГОΣ» zu den Materialien der internationalen wissenschaftlich-praktischen Konferenz (B. 3), 25. Dezember, 2020. München, Deutschland: Europäische Wissenschaftsplattform. S. 47-50 Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%;

9. Проблема преемственности дошкольного и начального образования в условиях реализации обновленного содержания образования. The driving force of science and trends in its development: collection of scientific papers «Scientia» with proceedings of the i international scientific and theoretical conference (vol. 4), january 29, 2021. Coventry, united kingdom: european scientific platformc p. 82-85 (Қосалқы автор: Акпаева А.Б.). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

Оқулықтар мен оқу басылымдары және монографиялар-4:

10. Основы математики: Рабочая тетрадь №1, 2. Для детей группы предшкольной подготовки (класса) (от 5 лет) по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения / Акпаева А.Б., Лебедева Л.А., Кинжибаева Ф.Б. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2022. – 40 с.: илл. (Қосалқы авторлар: Акпаева А.Б., Лебедева Л.А.). Докторанттың оқу-құралын жазуға қосқан үлесі – 40%;

11. Математика негіздері: №1, 2 жұмыс дәптері. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) балаларына арналған / Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, Ф.Б. Кинжибаева. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2022. – 40 б. (Қосалқы авторлар: Акпаева А.Б., Лебедева Л.А.). Докторанттың оқу-құралын жазуға қосқан үлесі – 40%;

12. «Методика реализации преемственности в математическом образовании» (предшкольная подготовка-начальные классы): Оқу-әдістемелік құрал/Кинжибаева Ф.Б. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2022. – 80 б. Докторанттың оқу-әдістемелік құралын жазуға қосқан үлесі – 100%;

13. «Преемственность дошкольного и начального математического образования» (предшкольная подготовка-начальные классы): Оқу-әдістемелік құрал-жаттығулар жинағы педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері үшін – Алматы: Абай атындағы КазҰПУ, 2023. – 52с. (Қосалқы автор: Акпаева А.Б.). Докторанттың жаттығулар жинағын жазуға қосқан үлесі – 80%.